

Шыңғырлау ауданы Ақшат ауылдық округі Ақшат ауылының оңтүстік-шығыс бағытындағы бағымында шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Ақшат ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 12 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 30 сәуірде № 7099 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шыңғырлау аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 7 сәуірдегі №19-12/131 ұсынысы негізінде, Ақшат ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шыңғырлау ауданы Ақшат ауылдық округі Ақшат ауылының оңтүстік-шығыс бағытындағы бағымында мүйізді ірі қара мал арасында бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Шыңғырлау ауданы Ақшат ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 17 қарашадағы №23 "Шыңғырлау ауданы Ақшат ауылдық округі Ақшат ауылының оңтүстік-шығыс бағытындағы бағымына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6470 тіркелген, 2020 жылы 19 қарашадағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Ақшат ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Ю.Бокаев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақшат ауылдық округінің әкімі

Е.Айшуаков